

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Қаңтар айы, I-апта (05.01. -08.01.2021ж.)

Өтпелі тақырып: "Бізді қоршаған әлем."

Апталық тақырып: "Біз қалай киінеміз?(киім,аяқ киімдер)"

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу.

Міндеті: Қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Күн тәртібі	Уақыты	Сейсенбі 05.01.2021ж.	Сәрсенбі 06.01.2021ж.	Жұма 08.01.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.		
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		<p>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай түс?» Мақсаты: Балаларға пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратуға үйрету</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Оң және сол» Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Мысық пен тышқан. Тышқан қашты мысықтан Қатты-қатты жүгірді. Орын тапты қуыстан Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, Тышқанға бері шық,-деді. Еденді ұрды "Тук-тук"деп, Тырналады, кетпеді.</p>
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені:"Құстар қанат қағады."		
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру.Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.		
Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	<p>Қимылды ойын:"Қасқыр мен қоян". Мақсаты:Тәрбиеші сөзін тыңдауға,ойын мазмұнына сәйкес қимылдар жасауға,кеңістікті</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Суретші қай жерде қателесті?" Мақсаты:Балалар зейін қойып қарауға,суреттерді ажырата білуге</p>	<p>Дидактикалық ойын: "Бұл қай кезде болады?" Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін</p>

		бағдарлауға, өз орындарын табуға үйрету.	дағдыландыру.	тиянақтау, пысықтау, тиісті белгілерін атау.
Мектепке дейінгі ұйым бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері	9.15-10.20	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: Тақырыбы: «Дүкенге саяхат жасау» Мақсаты: Еңбектеп өтуді, 1,5 м арақашықтықта педогогтің лақтырған добын қағып алып, қайтадан допты лақтырып, артынан қолын жазу білуін бекіту.</p> <p>3"Шығармашылық" Музыка Тақырыбы : 1.Музыка Тақырыбы: «Қуыршағым туралы» (А. Досмағамбет) М/ты: Балаларға қуыршақ туралы айтып, оны ұқыпты, таза ұстауға үйрету. Би қимылдарын, әнді еркін орындауға дағдыландыру.</p>	<p>1."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мен спорттық киімді ұнатамын» Мақсаты: Тізені көтеріп, тепе-теңдікті сақтап, денені тік ұстап сатының тақтайшаларынын аттап жүруді үйрету. Бөрененің үстінен еңбектей білуге үйрету.</p> <p>2."Таным" Жаратылыстану. Тақырыбы: «Киім түрлері» Мақсаты: Киімдер туралы білімдерін кеңейту. Әр жыл мезгіліне арнап тігілген киімдердің айырмашылықтарын түсіндіру. Киімдердің адам еңбегімен жасалатындығы және оларға ұқыпты болуға баулу. Әр заттың өзіндік қасиеті барын және жыл мезгіліне арналған киімдерді топтастыра білуге үйрету. Ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. «Аяқ киімдер» туралы білімдерін ұштау.</p> <p>2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың бөкебайы» Мақсаты: Балаларға қылқаламды дұрыс ұстай білу дағдысын, керек бояуды дұрыс таңдап штрихтау тәсілі арқылы қуыршаққа арналған бөкебайдың суретін салуды үйрету арқылы қол икемділігін дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу 2.Қыс мезгілі туралы айтып сипаттау. 3.Қонаққа қуыршақ Ақгүл келеді.</p>	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты серуенге киіндірейік» дидактикалық ойын Мақсаты: Балаларды жыл мезгіліне сәйкес киінуге үйрету. Киімдерді бір – бірінен ажыратып, аттарын атауға үйрету. Киімдердің қандай материалдан тігілгенін ажыратуға үйрету (мамық, тері, былғары, қалың, жұқа, мықты, төзімді).</p> <p>1."Таным" Құрастыру Тақырыбы: «Киім сөресі» (құрылыс материал) Мақсаты: Балаларға киімдер туралы түсінік бере отырып, құрылыс материалдарынан киім сөресін құрастыруға үйрету, педагогтың шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте орналастыру.</p> <p>Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Д/ойын:"Қуыршақты серуенге киіндірейік". 3.Көрнекілік арқылы жыл мезгіліне сәйкес киімдермен таныстыру. 4.Д/ойын:"Киімдерді ажырат". 5.Сол киімдерге арнап киім сөресін құрастыру. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>

			<p>Сандығы толы киімдерімен келіпті.</p> <p>4.Әр жыл мезгілдері киімдерімен ,аяқкиімдермен таныстыру.</p> <p>5.Сөздік жұмысын жүргізу. Пима–жүннен басылған қысқы аяқ киім.Тон – қой терісінен иленген, жылы сырткиім.Ішік– іш жағы аңның терісінен тігілген киім. Бөкебай – жүннен тоқылған қалың орамал түрі.</p> <p>6.Д/ойын: «Қуыршаққа қысқы киім кигізу»</p> <p>7.Қуыршақ Ақгүлге арнап мойынорағыштың суретін салып беру.</p> <p>8.Сергіту сәті.</p> <p>9.Сұрақ-жауап,мадақтау</p>	
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.		
	10.40-12.00	<p>1 Қыстағы аула тазалаушы еңбегін бақылау.</p> <p>Мақсаты: Аула тазалаушы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікті арттыру.</p> <p>2Еңбек:Ойын алаңын реттеу.</p> <p>3.Қимылды ойын:"Поезд"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін үйрету.</p> <p>5.Еркін ойындар:</p>	<p>1.Бұлттарды бақылау.</p> <p>Мақсаты:Күннің жиі бұлт болып тұратындығын,бұлттың қозғалысын тамашалау.</p> <p>2.Еңбек.Алаңды реттеу.</p> <p>3.Қимылды ойын:"Мысық пен тышқан"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Айназ бен Аминаттан қыс айларын сұрау.</p> <p>5.Еркін ойындар:</p>	<p>Көліктерді бақылау.</p> <p>Мақсаты:Көліктердің пішінін,түсін ажырату.Биік-аласа ұғымдарын бекіту.</p> <p>2.Еңбек:Ойын алаңын жинастыру.</p> <p>3.Қимылды ойын: «Торғайлар мен автокөлік»</p> <p>4.Жеке жұмыс: Бекжан мен Нұрасылдан қыс мезгілінің ерекшелігін сұрау.</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.		
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.		
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау		

		Жәй әуенді тыңдату арқылы жәйлі,тәтті ұйқыға жатқызу	"Қасқыр мен жеті лақ"ертегісін айту арқылы ұйықтату	"Қызыл телпек" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып,керілу,созылу жаттығуларын жасату.Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын,оң аяқтарын көтеру,екі аяғын бірге ұстап түсіру.		
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.		
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар	16.10-16.30	Дидактикалық ойын: "Не өзгерді?" Ойынның мақсаты: балалардың сақтау қабілеттерін дамыту. Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс»(сурет қарастыру) Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Айбибі мен Ақылбектен қыс ерекшелігін сұрау.	Сюжеттік рөлдік ойын: "Бауырсақ"ертегісі. Мақсаты: балаларды ертегі кейіпкерлерімен таныстыру. Ой өрістерін қалыптастырып, ертегі қиялдарына шолу. Мадина мен Аянадан ертегі кейіпкерлерін сұрау.	Сурет салу: "Өз ойлары бойынша сурет салу" Мақсаты: Өз ойларымен сурет салу қабілетін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Аружан мен Нұрасылдан түстерді ажырата білуге үйрету
Серуенге дайынды	16.30-16.50	Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.		
Серуен	16.50-17.50	Қыс мезгілінің ерекшелігін бақылау Мақсаты: Қыс мезгілінде қар жауып,күн аяз болатынын сезіну. Қимылды ойын: "Жалауша" Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу Еркін ойындар	Құстарды бақылау Мақсаты: Торғай мен көгершінді салыстыру. Қимылды ойын:"Ұшты-ұшты " Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру Еркін ойындар	Кешкі ауа-райын бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ауа райын сезіну. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету. Еркін ойындар
Серуеннен оралу	17.50-18.00	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс жууға үйрету.құрғатып сүртулерін қадағалау.		
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Ата-аналармен балалардың тәртібі туралы сөйлесу.	Ата-аналарға төлем ақысын ұмытпауды ескерту	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.

